

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 желтоқсандағы N 1414 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 6 тамыз N 964. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.03.03. N 326 қаулысымен. ~P010326

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Еңбекшілердің өндірісте денсаулығы зақымдануын және басқа жазатайым жағдайларды есепке алу мен зерттеп-тексеру жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 желтоқсандағы N 1414 P941414\_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 47, 527-құжат) бекітілген "Еңбекшілердің өндірісте денсаулығы зақымдануын және басқа жазатайым жағдайларды есепке алу мен зерттеп-тексеру туралы Ережеге" мынадай өзгертулер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

22 тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеттің (Қазақстан Республикасының Мемкентехқадағалауы) бақылауындағы объектілерде болған бақытсыз жағдайларды тексеруді Мемкентехқадағалау өкілінің төрағалығымен комиссия жүргізеді";

26 тармақтың бірінші абзацы мынадай редакциямен мазмұндалсын:

"Қазақстан Республикасының энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалауының және басқа да еңбекті қорғаудың мемлекеттік және ведомстволық қадағалауы мен бақылауындағы объектілерде болған бақытсыз жағдайлар олардың өкілдерінің қатысуымен тексеріледі. Өткір кәсіби сырқаттар (улану) жағдайларын тексеру кезінде Мемсанқадағалау органдарының мамандары қатысады".

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК